

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік  
рәміздерінің 30 жылдығына арналған  
**«МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ  
АРХИТЕКТУРАСЫ»**

атты халықаралық ғылыми конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
*30 наурыз 2022 ж.*

## **МАТЕРИАЛЫ**

международной научной конференции  
**«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ  
АРХИТЕКТУРА»**

посвященной 30-летию Государственных символов  
Республики Казахстан.  
*30 марта 2022 г.*

## **MATERIALS**

of the international scientific conference  
**«STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE»**  
dedicated to the 30th anniversary of the State symbols  
of the Republic of Kazakhstan.  
*30 March, 2022*

НҰР-СҰЛТАН  
NUR-SULTAN

УДК 001  
ББК 72  
Қ.18

**Қ.18 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығына арналған «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ЖӘНЕ ҰЛТ АРХИТЕКТУРАСЫ» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары/Материалы международной научной конференции «ГОСУДАРСТВЕННЫЕ СИМВОЛЫ И НАЦИОНАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРА» посвященной 30-летию Государственных символов Республики Казахстан/ Materials of the international scientific conference «STATE SYMBOLS AND NATIONAL ARCHITECTURE» dedicated to the 30th anniversary of the State symbols of the Republic of Kazakhstan – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2022.– 306 б. - қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.**

**ISBN 978-601-337-649-3**

Жинаққа ғалымдардың, докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелеріне, сондай-ақ этноархитектура саласындағы ғылыми зерттеу нәтижелері және сәулет пен құрылыстағы жалпы проблемаларға арналған баяндамалары енген.

The proceedings are the papers of researchers, doctoral students, undergraduates and students on topical issues of natural and technical sciences and humanities also the results of scientific research in the field of ethnoarchitecture and general problems in architecture and construction.

В сборник вошли доклады ученых, докторантов, магистрантов и студентов по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук, а также результаты научных исследований в области этноархитектуры и общих проблем архитектуры и строительства.

**УДК 001  
ББК 72**

**ISBN 978-601-337-649-3**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2022**

**ЭТНОДИЗАЙН – МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА  
НЕГІЗДЕЛІП ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ТҰҒЫРЫ РЕТІНДЕ**

**Бегімбай К. М.**

*begimbai@hotmail.com*

п.ғ.к., Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУнің «Дизайн және ИГ» кафедрасының профессоры,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**Байжанова Ж. Б.**

*baizhanova\_zhb@enu.kz*

т.ғ.к., Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУнің «Дизайн және ИГ» кафедрасының доценті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**Дамыс Ж.**

*zhansaia.damis18@mail.ru*

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУнің «Дизайн және ИГ» кафедрасының магистранты,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қоғамның тұрақты дамуының басты кепілі болып, оның экономикасымен қатар рухани салаларының әлемдік деңгейден қалыс қалмай дамып отыруы айтпаса да белгілі жайт. Оның айғағы ретінде мемлекеттің тарапынан қолдау тауып, іске асырылып жатқан және біршама айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізген ұлттық мәдениетіміздің қайта жаңғыруы мен әлемдік деңгейге сай әрі қарай дамуын қамтамасыз етуге бағытталған «Мәдени мұра» және «Рухани жаңғыру» бағдарламаларын атап өткен жөн болады деп санаймыз [1].

Жаһандану үрдісінің басты ерекшелігі – бүкіл дүниежүзін қоныстаған адамзаттың ұлттық, мәдени және діни көзқарастарын алаламай, олардың арасындағы қарым-қатынасты нығайту, өзара байланыс жасауға барынша мүмкіншілік жасау болып табылады. Әлемнің қай түпкірінде болмасын тұратын кез-келген адам бүкіл ғаламның бір бөлігі екендігін сезінуге күн санап қарыштап дамып отырған жаңа технологиялардың ықпалын күнделікті өмірімізде біз де айқын сезінеміз. Осы ғаламдық үрдісті қолдайтын идеологтардың пайымдауынша «болашақта жаһандану үрдісінің салдарынан жеке елдер арасындағы шекара мен ұлттық айрықшылықтар жойылып, біртұтас сипаты бар адамзат қалыптасады».

Осы идеяға кері пікір білдіруші идеологтар «адамзаттың жаппай жақындасуын жеке елдер мен оларды мекендейтін этностардың өзіне тән айрықшылықтарын жойып жіберуді мақсат етпей, керісінше олардың саналуандығын өзара үйлестіре және бүкіл адамзатқа ортақ мүдде төңірегінде біріктіре отырып дамуды көздеу керек» – деп уәж айтады.

Ұлттық мүдде мәселесіне алаңдайтын зерттеушілердің пікірінше – «жаһандану үдерісі бұған дейін ешқашан адамзат тарихында осыншалық ерекше маңызға ие болып көрмеп еді. Сонымен қатар жер шарының барлық елдері мен әлем халықтарын кеңінен қамтымап еді. Ұлттық құндылықтар дағдарысының кең көлем алғаны соншалық, біздердің көпшілігіміз үшін ол ұлттың аман қалу мәселесі ретінде ұғылады» – дей келе, бұл мәселе туралы беделді теоретик Э.Эриксонның «XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әлемдік қарқынды өзгерістер ұлттық құндылықтар мәселесін өршіте түсті» – деген пікірін сөзіне тірек ете отырып, «сондықтан да жаһанданудың бірқатар үдерістері ұлттық құндылықтар дағдарысына тікелей әсер етеді» – деп ойын сабақтайды [2].

Жаһандану үдерістері бүкіл адамзатты әр елдің саяси дамуы ерекшелігін ескермей, батыстық моделге сай жаппай демократияландыру; экономикалық дамуы сатысын қайткенде де

дамыған елдер деңгейіне дейін көтеру; замануи озық технологияларды қолдана отырып, жер жүзін мекендеген халықтарды барынша ақпараттандыру; барша қауымға ортақ мәдени стандарт енгізу; ұлттық айрықшалықтардан бас тарта отырып, бүкіл адамзат мойындайтын әмбебап құндылықтар ойлап табуға бет бұрыс жасауды меңзейді.

Әрине, адамзатты бұндай жалпылау саясаты – сөзсіз «сан мыңдаған жылдардан бері сақталып келе жатқан, атадан балаға мұраға қалдырылған, былайша айтқанда, бабалар аманаты болып қалыптасқан ұлттық құндылықтардың табиғи дамуына тұсау болады және мұнда алуан түрлі қақтығыстар орын алады, оның нәтижесі ұлттық құндылықтардың беріктігі немесе әлсіздігіне, жаңаны қабылдай алуы немесе оған тосқауыл болуына, ұлттық ерекшелік қасиеттерін өз бойында сақтай отырып, жаңасына бейімделуіне байланысты болады» – деген пікірмен біз де толық келісеміз [3].

Бұл жерде объективтік шындық болып табылатын қоғам дамуы заңдылықтарын түгелдей ысырып тастап, небір қиялдан туған, нақты сипаты анықталмаған әмбебап «жаһандық мәдениет» ұғымын көзге елестетудің өзі қазіргі жағдайда мүмкін емес.

Сондықтан, болашақты дұрыс болжау үшін, біздіңше өткенге зер салу арқылы іске асыру керек. Осындай мәдениетті «коммунистік идеялогияға» ортақтандыру үдерісін кешегі бастан кешірген кеңестік дәуірдегі ұланғайыр Кеңес Одағын мекендеген ірілі-кішілі этностардың байырғы атадан мұраға аманат болып қалған мәдени құндылықтарынан айрылып қалуларына әкеп соққандығына куә болғанымызды естен шығармағанымыз абзал.

Болғанды жаңғырту, оны әрі дамыту осы күнде қымбатқа түсіп отырғандығын анық сезініп ортырғанымызды алға тартамыз. Демек, тарихтың өзі берген сабақтан қажетті қорытынды шығара білетін жағдайға жеттік. Осындай заңды сұрақтарға жауап іздеу барысында туған ой – жаһандық үдерістен сырт айнала алмайтынымызды анық түсініп, осы ұланғайыр әлемдік даму көшінде өзіндік, яғни ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, ұдайы ілгері жылжуымыз керектігі хақ.

Бүгінгі кезеңде «әлемнің ешбір мемлекеті өз ішінде бір саясатты қолданып, оның аумағынан тыс жерде басқа саясатты қолдана алмайды және сыртқы жағдай ескерілмейтін болса, ұлттық даму стратегиясын қалыптастыру мен дамыту бойынша қандай шаралар қолданылмасын, бәрібір олар бүкіләлемдік жаһандық үдерістер легіне» ілесе алмайды [4].

Кез келен мемлекет сыртқы жаһандану үдерісінің мынадай маңызды ықпалын барынша сезінуде: саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени және тағы басқаларын. Бұндай жағдайда ұлттық құндылықтарды барынша сақтай отырып, әлемдік кеңістікке бейімделудің сара жолын мемлекеттік деңгейде бағдарлап алып, интеграциялану үдерісіне аяқ басу ұлттық мүдделерді қорғаудың тиімді тәсілі болып табылады.

Соңғы отыз жылда Кеңестік Одақтың ыдырауынан бастап өткерген ұлттық оқшалану саясатын ұстанған кейбір көршілес елдердің саясаты түрінде мемлекеттің тұйықталып, әлемдік даму үдерістерінен тым қалыс қалғандығына немесе барынша сыртқы саясатқа кірігу саясатын ұстанған елдердің өзіне тән ұлттық айрықшалықтарынан айрылып қалудың сәл алдында қалғандарына да куә болып оырмыз. Демек, біздің саясатымыз ортадағы позицияда болуы керек.

Ендігі айрықша көңіл бөлу керек мәселе – «бірыңғай әлемдік ақпараттық кеңістік адамдарға бүкіл рухани иігіліктер мен материалдық байлықтарға қол жеткізуге мүмкіншілік тудырады, интеллектуалды ресурстарды молайтады, соның арқасында тұрақты дамуға негіз болатын барлық ресурстарға жол ашылады» – деген тұжырымға қарсы «ақпараттық технологиялар шексіз игілік көзі болып табылады деген жаңсақ пікірден аулақ болған дұрыс. Себебі, ақпараттық технологиялары жоғары деңгейде дамыған елдер тарапынан экономикалық дамуы төмен елдерге ықпал етуі күшейеді, соның салдарынан олардың ұлттық құндылықтарын сақтап қалу мәселесін шиеленістіреді» – деген пікірлердің осы күнде қатар өмір сүруі заңдылық болып табылады.

Осы мәселе төңірегінде ізденіс жұмыстарын жасаған талдау нәтижесіне сүйене отырып, мындай қорытынды жасауға болады: «әмбебап мәдени стандарттаудың салдарының бірі бола отырып, бір кездері тұйық болып келген мәдени ерекшеліктер арасында дүмпу тудырады», «өте күшті заманауи ақпараттық құралдардың көмегімен жаһандану түрлі мәдениеттер арасындағы

бұрын мызғымас болып саналып келген қағидаларды бұзып жарады», «бұл иірімде қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі әлемге бейімделуге қабілетті мәдениеттер ғана аман қалады» [5].

Жоғарыда айтылған пікірге дәлел ретінде зерттеушілер батыс мәдениетінің жаһандандыру саясатына төтеп бере білген жапон мәдениетін алға тартады. Кері, мысал ретінде зерттеушілер мәдени біріздендіру қыспағына төтеп бере алмаған мәдениеттер қатарына испан, мексикан, түрік, аргентин және тағы басқаларды жатқызады.

Осындай тәжірибеден дұрыс қорытынды шығара білу – ұлттық мәдениет, атап айтқанда қазақ көркем өнерінің маманы ретінде біздің басты міндетіміз екендігін есімізде нық сақтап, ұлттық құндылықтармызды дәріптейтін бағытта атқаратын жұмыстарға барлық өнер салаларының өкілдері жұмыла кірісуі керек.

Басты мақсатымызды анықтап алған соң «дизайн саласында осы жауапты істі неден бастау керек?» – деген сұрақтың жауабын табуға кірісейік. Соңғы жиырма жыл көлемінде елімізде көркем өнердің жаңаша түрі ретінде елімізде пайда болып, қалыптасып келе жатқан осы саланың даму бағытын зертей келе айтарымыз – «ұлттық құндылықтарға негізделген «этнотдизайн» бағытын дамытуға ат салысу болашақ дизайн саласының кәсіби мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі» – деп санаймыз.

Дизайн салаларының елімізге дамыған еуропалық елдерден кірігуінің алғашқы жылдары барынша батыстық мәдениетке еліктеп, озық технологияларға негізделген тәжірибесін солардың деңгейінде меңгеру біздің басты міндетіміз болғаны хақ.

Кейінгі жиырма жылда елімізде осы дизайн салаларының алдыңғы қатардағы дамыған елдердің деңгейіне жетеқабыл даму деңгейінде қалыптасқан тұсында дүниежүзілік жаһандану көшінен қалыспауды көздеген осы саясатымыздың ұлттық мәдениетіміздің өзіне тән ерекшелігіне нұсқан келіп жатқанын байқадық.

Батыстық мәдениетке еліктеудің зардабынан жас ұрпақтың сана-сезімінде ұлттық құндылықтармыздың орнының айтарлықтай ойсырап қалғанын қынжыла отырып, мойындауға көштік. Жоғарыда келтірілген саралаудың тоқ етерін айтар болсақ – ұлттық құндылықтармызды дер кезінде қайта жаңғыртуды қолға алмасақ, өзінің төл мәдениетін бағаламақ түгіл, мүлдем мойындамайтын ұрпақтың кереғар әрекетінің нәтижесімен бетпе-бет кездесіп отырмыз. Егер осы үрдістің ағымын дұрыс бағытқа аудармасақ, кеш болатынын айқын сезіне бастадық.

Ендеше, шұғыл түрде осы жаһандық даму үрдісінің жағымды жақтарын ала отырып, ұлттық мәдениеттің беталысын реттеуге кірісудің жолдарын ұсынып қана қоймай, осы бағытта нақты қандай іс-шаралар іске асырылып жатқандығын және олардың қандай оң нәтижелерінің бар екендігін зерделеуге көшейік.

Осы орайда ауыз толтыра айтарлық жағдай – елімізде қалыптасып келе жатқан және мәдениетімізде өз орынын ала бастаған этнотдизайн бағытының жағдаятына зер салайық. Бұл ұғымға этимологиялық талдау жасайтын болсақ – «этно» сөзі этнос, яғни ұлт, ал «дизайн» жобалау түсінігіне саятын және ұштаса келіп «ұлттық нақыштағы дизайн» ұғымын білдіретін көркем өнер саласы екендігін білдіреді. Ал, оның түп тамыры қазақ ұлтының қолөнерінен бастау алса, парадигмалық тұғыры ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады.

Қазіргі кезеңде дизайн салаларының елімізде қалыптасқан ең басты жіктелу реттілігіне сай – сәулеттік дизайн, графикалық дизайн және өнеркәсіптік дизайн деп үш ірі бөлінетіні бәрімізге мәлім. Осы аталған дизайн салаларының атқаратын өзіне тән қызметтеріне тән нақты анықталған және қоғамда мойындалған сипаты бар. Ал, этнотдизайн ұғымын оларда алатын орны қандай деген сұраққа жауап берер болсақ, айтармыз – әлемдік дизайн тенденцияларының бағытында көштен қалмай дами отырып, қазақстандық дизайн салаларының теориясы мен тәжірибесінде ұлттық этнотдизайнымыз үндестікте қалыптасып келеді. Оған айтарлықтай әсер етіп отырған факторлардың ең бастысы – ұлттық сана-сезімнің оянуы салдарынан қазақ халқының байырғы қолөнерінің қайта жаңғыруы болып табылады.

Этнотдизайнның дамуына ықпал еткен екінші фактор ретінде әлемдік аренада еліміздің өзіне тән ерекше имиджін қалыптастыруға бағытталған және сол арқылы қазақстандық тауарлар мен қызмет түрлерінің әлемдік нарықта өзіне сай орын алуына, әрі олардың бәсекелестікке төтеп беруге қауқарлы болуына негізделген даму саясаты десек қателеспейміз.

Атап айтар болсақ, осы күнде айтарлықтай танымал болып, отандық нарықта өз орнын алуға тырысып жатқан дизайн салаларының арасындағы этностильдік бағыттағылардың қатарына сәулет өнер саласымен қатар дамып келе жатқан сәулеттік орта нысандарындағы ұлттық дизайнның айқын көрініс табып отырғандығын байқаймыз.

Оның дәлелі ретінде нақты мысал келтірер болсақ – елордамыздың басты ғимараты болып саналатын Ақорданың, Хазірет-Сұлтан мешетінің, ұлттық статуска ие өнер ордаларының, яғни опера және балет театры, мұражай мен мұрағат және тағы басқа маңызды сәулеттік нысандардың дизайнының ұлттық нақышта орындалу деңгейлерінің көркем деңгейлерінің айтарлықтай жоғары болуы сырттан келген туристердің көз алдында еліміздің мәдени деңгейінің мәртебесін өсіруге, сол арқылы Қазақстанның жағымды имиджін қалыптастыратынын атап өткен жөн деп білеміз.

Осы бағытта айтарлықтай дамып келе жатқан графикалық дизайн саласының құзіретіне тиесілі қазақстандық брендтерді әлемдік нарыққа кіріктіруге септігін тигізіп жатқан имидж қалыптастыру бағытындағы іс-шараларды алға тартамыз.

Қазақстандық өндіріс салаларының өнімдерінің айрықша дизайнын қалыптастыру бойынша жасалып жатқан жұмыстар да баршылық. Бұл ретте ұлттық нақыштағы киім дизайнының халықаралық деңгейде танымал еткен отандық дизайнерлердің шоғы жоғары.

Дегенмен, жапай сатылымға шығаруға болатын отандық өнімдердің әлемдік нарықта алатын орны әлі де аз және осы бағытта қарқынды түрде жұмыс істеу керектігін тек дизайн мамандарының жеке міндеті ретінде қарастырудан Қазақстанның экономикасының дамуының маңызды мемлекеттік стратегиясы тұрғысында қарағанда ғана ойдағыдай іске асатынын алға тартамыз.

Жоғарыда баяндалғанды қорыта келе айтарымыз – отандық дизайн салаларының ұлттық имиджі қалыптастыруға және мәдениетіміз бен өндірісіміздің әлеуетін әлемдік нарықта мойындатуға ойдағыдай ықпал ететін деңгейде болуының басты шарты оларға мемлекеттік деңгейде қолдау жасағанда ғана іске асады.

Демек, Жаңа Қазақстан құруға бет алған мемлекеттік саясаттың басты факторы ретінде ұлттық экономиканың қарқынды дамуына айтарлықтай септігін тигізетін ұлттық мәдениеттің де, оның ажырамас құрамбөлігі болып табылатын этнодизайн бағытының өзіне тән дәрежеде дамуын қамтамасыз ету керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бегімбай К.М. Этнодизайн. Монография, –Нұр-Сұлтан: ЕҰУ, 2021. – 148 б.
2. Эриксон Э. Детство и общество. – СПб, 2000. – 103 с.
3. Әмірғазин Қ. «Қазақ кол өнері». – Алматы: «Дайк-Парк», 2004. – 92 б.
4. Қасиманов С. «Қазақ халқының қолөнері». – Алматы: «Қазақстан», 1995. – 84 б.
5. Бегімбай К.М., Ахман С. Жаһандану дәуіріндегі өндірістік дизайнда ұлттық құндылықтарды сақтап қалу мәселелері. ЕҰУ Хабаршы. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар сериясы. – Астана: ЕҰУ, 2017. – №2 (211), I бөлім. – Б. 125-128.

**УДК 72.017.9**

### **ВИЗУАЛЬНАЯ АРХИТЕКТУРНАЯ СРЕДА - КОМФОРТНАЯ ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ СИСТЕМА**

**Калихин А. Т.**

*[askar-kalihin@yandex.ru](mailto:askar-kalihin@yandex.ru)*

Старший преподаватель кафедры «Архитектура», ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,  
г. Нур-Султан, Казахстан